

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Шортанбай Қанайұлы "Зар заман"

ЖАРИЯЛАНДЫ
13.11.2017СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/20873/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Сабақ:

Күні:6.11,7.11

Сынып:7абв

Мектеп:

Мұғалімнің аты-жөні: Ашиманова Д.С.

Қатысқан оқушылар:

Қатыспағандар:

Сабақтың тақырыбы

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:

1-БӨЛІМ: Толғауы тоқсан қызыл тіл
Шортанбай Қанайұлы «Зар заман»А/ИЗ. Көркем шығарманың тілі
7.А/ИЗ.Шығармадағы көркемдегіш құралдардың
(символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора,
анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ)
қолданысын талдау

Сабақ мақсаты

Барлық оқушылар: 1) Өлеңді мнерлеа оқи алады.

Көптеген оқушылар: Сатылай кешенді талдай алады.

Кейбір оқушылар: Өз ойын көркем тілмен жеткізе алады.Тақырыпқа сай эссе жаза алады.

Құндылықтарды игерту

Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, академиялық әділдік.

Аталған құндылықтар сабақ тақырыбы арқылы оқушылардың жеке және жұптаса, топтаса отырып жұмыс жасаулары, сын тұрғысынан ойлай білу, ақпаратты өңдей білу дағдылары негізінде жүзеге асады.

Пәнаралық байланыс

Мәдениеттану, тарих: XIX ғасырдағы тарихи оқиғалар, фольклористика

АКТ-ны қолдану дағдылары:	PowerPoint, сілтемелер
Бағалау критерийлері:	Шығармадағы көркемдегіш құралдардың қолданысын талдай алады; Ақынның тіл шеберлігіне сыни тұрғыдан баға бере алады.
Дескрипторлар:	— оқушылар тақырыптың негізгі мәселесін анықтайды; — мәтіндегі көркемдегіш құрал түрлеріне кемінде 5 мысал келтіреді; — көркемдегіш сөздердің түрлерін үзінді арқылы дәлелдейді; — шығарма жайлы түйінді ой қорытады.
Тілдік мақсаттар:	Тілдік мақсаттарыңызды белгілеңіз, соның ішінде қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерге мысалдар келтіріңіз. Зар заман ұғымы, отарлаушылардың озбырлығы мен сұрқия саясаты Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер: зар заман, тар заман, азулы, азусыз, хал кету, пара алу, тәубеден жаңылу т.б. Пән лексикасы және терминология: Мен+ і.с. жұмысын «жетті» деп бағаладым, себебі....
Осыған дейін меңгерілген білім	Зар заман, зар заман ақындары туралы білетіндері сұралады.

Жоспар**Уақытты жоспарлау**

Жоспарланған іс-әрекет

Дереккөздер

Басы

Қызығушылықты ояту

Сабақ басталмас бұрын мұғалім оқушылардың өткен сабақта қазіргі заман ағымы жайлы жеке параққа жазып келген 5 жолды өлеңдерін жинап алады.

Ынтымақтастық атмосферасын құру

«Сенімділік» жаттығуы

Шарты: оқушыларға ақ парақтар таратылып, ортасынан екіге бөлу тапсырылады. Бір бөлігіне өздерінің жақсы қасиеттерін, екінші бөлігіне жағымсыз қылықтарын жазады. «Балалар, осы парақтың сіздердің жақсы азамат не азаматша болып өсуіңізге көмектесетін бөлігін жыртып, өзіңізге алып қалыңыз, екінші бөлікті (жағымсыз қылықтарды) умаждап, қоқыс жәшігіне салыңыз. Мұғалім оқушылардың қазіргі заман ағымы жайлы жеке параққа жазып келген өлеңдерін жинап алады.

Топқа бөлу Оқушылар Шортанбай Қанайұлы шығармаларының атауларымен топтарға бөлінеді.

Оқушыларға оқу мақсаты мен бағалау критерийлері, дескрипторлар түсіндіріледі

«Жылжымалы қалпақ»

Қима қағаздар

А3 парағы, фломастерлер

Ортасы
31 мин

Зар заман

**1-тапсырма ЖЖ.**

Жұптарға өлең жолдары бөлініп беріледі. Олар өлең жолдарынан көркемдегіш құралдарды (символ, синекдоха, эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) тауып, төбесіне көркемдегіш құрал түрін жазып қояды.

2-тапсырма ТЖ.

Оқушылар топқа бірігеді. Мәтіннен тапқан көркемдегіш құралдарды талқылап, «**Фишбоун**» әдісі арқылы сызбаға түсіреді. Сынып алдында қорғайды.

Орындалу барысы:

басы - тақырыптың мәселесі;
үстіңгі сүйектері - көркемдегіш құрал түрлерін жазу;
астыңғы сүйектері - көркемдегіш сөздерге мәтіннен тапқан мысалдарды жазу;
құйрығы - шығарманың көркем тілі жайлы түйінді сөз.

Қаңқадағы жазулар қысқа болу керек. Олар тірек сөздерден немесе тақырыптың негізгі ойын ашатын фразалық сөздерден болуы мүмкін.

3-тапсырма ТЖ.

Оқушылар тапсырманы орындап болған соң, ақын шығармаларының көркем тілі жайында ортақ ойларымен бөліседі.

Кері байланыс

Тапсырмаларды орындау қаншалықты қиын болды?
Келешекте неге назар аударар едіңіз?

Соңы
3 мин

Рефлексия

Байқағаным.....

Білгенім.....

Түйгенім.....

Үйге тапсырма

“Ақынға айтарым” деген тақырыпта жұбыңызбен жеке параққа хат жазып келіңіздер.

Дифференциация - Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?

Дифференциацияны берілетін тапсырма, күтілетін нәтиже, қолдау көрсету, бөлінетін уақыт, қолданылатын дереккөздер арқылы жүзеге асыруға болады. Дифференциация сабақтың кез келген бөлімінде қолданылады. Бұл сабақта дифференциацияны сабақтың негізгі кезеңінде оқу мақсатына лайықтап жүргіздім.

Ойлану

Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары жүзеге асырымды болды ма? Бүгін оқушылар нені үйренді? Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды? Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме? Мен жоспарланған уақытымды ұстандым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?

Бағалау - Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?

Бұл бөлімді оқушылардың сабақ барысында алған білімдерін бағалау үшін қолданылатын әдіс-тәсілдеріңізді жазу үшін пайдаланыңыз. Оқушылардың жаңа сөздерді, ақпаратты түсінегіндігін кері байланыс және жетістік критерийлері арқылы тексеремін.

Төменде берілген бөлімді осы сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз.

Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтармен байланыс

Сабақ жоспарын құру үшін сізге өзге пән мұғалімдерінің көмегі керек пе? Берілген тапсырмалардың қайсыбірі оқушылардың қауіпсіздігіне немесе денсаулығына қауіп төндіре ме? Оқушылар сабақ барысында өздерінің АКТ дағдыларын дамыта ала ма? Осы сабақ барысында НЗМ құндылықтарын дамытуға қандай мүмкіндік бар?

Жалпы баға

Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)?

Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (сабақ беру және оқытуға қатысты)?

Осы сабақ барысында сынып немесе жеке оқушылар туралы менің келесі сабағыма дайындалу үшін қажет болуы мүмкін қандай ақпарат алдым?

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.